

Мүліктік жалдау (жалға алу)
шарты бойынша жалға беруші
жалға алушыға мүлікті ақы төлеп
уақытша иеленуге және
пайдалануға беруге міндеттенеді.

Лизинг, прокат шарттары да, сондай-ақ мүлікті ақы төлеп уақытша иелену мен пайдалануға беруге байланысты шарттардың өзге түрлері де мүліктік жалдау шарттарына жатады.



Мүліктік жалдау объектілері

Мүліктік жалдауға кәсіпорындар мен басқа да мүліктік кешендер, жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары және оларды пайдалану процесінде өздерінің табиғи қасиеттерін жоймайтын басқа да заттар (тұтынылмайтын заттар) берілуі мүмкін.

Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жер пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалану құқығы және басқа да заттық құқықтар мүліктік жалдау объектісі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тұрғын үй-жайларды, жер учаскелерін, жер қойнауы учаскелерін және басқа да оқшауланған табиғи объектілерді мүліктік жалдауға тапсыру ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде мүліктік жалдауға тапсыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы және концессиялар туралы заңнамалық актілерінде белгіленеді.

Мүліктік жалдау шартының мерзімі

Мүліктік жалдау шарты шартта белгіленген мерзімге жасалады.

Егер мүліктік жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса, ол белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.

Қозғалмайтын мүлікті жалдаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, әрбір тарап екінші тарапқа үш ай бұрын ескертіп, мұндай шарттан кез келген уақытта және өзге мүлікті жалдаған жағдайда, бір ай ішінде бас тартуға құқылы.

Заң актілерінде мүліктік жалдаудың жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін жалдау үшін шарттың барынша ұзақ (шекті) мерзімі белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, егер шартта жалдау мерзімі белгіленбесе және заң актілерінде белгіленген шекті мерзім біткенге дейін тараптардың ешқайсысы шарттан бас тартпаса, шарт шекті мерзімінің бітуіне қарай тоқтатылады.

Бұл жағдайда заң актілерінде белгіленген шекті мерзімнен асатын мүліктік жалдау шарты барынша ұзақ (шекті) мерзімге тең етіп жасалған деп есептеледі.

ЛИЗИНГ



-Кәсіпорынды жалдау



-Үйлер мен ғимараттарды жалдау



Көлік құралдарын жалдау



-Прокат



-Тұрғын үйді жалдау



Мүлікті тегін пайдалану

